

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті» КеАҚ
қызмет нәтижелері бойынша 2022 жылға
ЕСЕБІ**

Алматы, 2023

Университетті дамытудың стратегиялық бағыттары

Миссия, құндылықтар, пайымдау

МИССИЯ:

Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді дайындаймыз. Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

Студентке бағдарлану, кәсібилік, адалдық, белсенділік, көшбасшылық және жауапкершілік.

ПАЙЫМДАУ:

Abai University – Орталық Азиядағы педагогикалық білім беру көшбасшысы, жаңа формациядағы педагогтар шеберханасы.

Стратегиялық бағыттар:

173 жоспарланған міндеттер:

- Орындалған – 100% және одан жоғары - 135 (78%)
- Орындалған – 95% және одан жоғары - 142 (82,1%)
- Орташа орындалу деңгейі – 70%-94% - 12 (7%)
- Төмен орындалу деңгейі – 51%-69% - 4 (2,3%)
- Орындалмаған – 0-50% - 15 (8,6%)

Бағыттар	100% +	95-99%	70-94%	51-69%	0-50%	Жалпы көрсеткіштер
<i>Академиялық шеберлік орталығы</i>	38	7	9	0	5	59
<i>Педагогикалық зерттеу университеті</i>	25	0	2	0	2	29
<i>Ашық университет</i>	20	0	1	2	1	24
<i>Әлеуметтік жауапты университет</i>	8	0	0	0	0	8
<i>Жұмылдырылған университет</i>	10	0	0	0	0	10
<i>Цифрлы университет</i>	18	0	0	0	4	22
<i>Түімді университет</i>	14	0	0	0	3	17
<i>Friendly campus</i>	2	0	0	2	0	4
<i>Барлығы</i>	135	7	12	4	15	173

1. Университет туралы жалпы мәліметтер

1928 жылдан бері білім беру қызметін жүргізіп келе жатқан Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы ҚазҰПУ-ға биыл 95 жыл толып отыр.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының заңнамасына, Абай атындағы ҚазҰПУ Жарғысына (№351 05.06.2020 ж. бекітілген), алқалық қағидаттар негізінде Ректормен бекітілген құрылымдық бөлімшелер туралы ережелеріне сәйкес әзірленген ЖОО-ның басқару жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

Университеттің алқалы корпоративтік басқару нысаны ретінде Директорлар кеңесі, Ғылыми кеңес, бекітілген ережелерге және жұмысты ұйымдастыру ережелеріне (сайлау тәртібі мен құрамы, өкілеттіктері және т.б.) сәйкес әрекет ететін Басқарма болып табылады. Алқалы органдардың жиналысында басқарушы шешімдер жан-жақты талдаулар, ақпаратты талқылау негізінде қабылданады және білім беру, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстары одан әрі жетілдіруге, білім беру қызметінің сапасын арттыруға, студент жастардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған. Басқару шешімдерінің орындалу сапасын тұрақты бақылау және талдау жұмыстары жүзеге асырылады. Есептік кезеңде университеттің білім беру қызметін 7 бейінді оқу институттары жүзеге асырады. Олар:

- Педагогика және психология;
- Математика, физика және информатика;
- Филология;
- Жаратылыстану және география;
- Тарих және құқық;
- Өнер, мәдениет және спорт;
- «Сорбонна-Қазақстан».

Университетте барлығы 30 кафедра жұмыс жасайды. Сонымен қатар, педагогикалық STEM-парк, "ЮНЕСКО" кафедрасы, ғылыми кітапхана, рекрутинг және қабылдау кеңсесі, түлектер қауымдастығы, педагогикалық шеберлік орталығы, тестілеу орталығы, "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесі, "Ұлттық тәрбие" орталығы (Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар мектебі, «Ұлы дала тұлғалары» секциясы, психологиялық қызмет), «Қазақстан Халық Ассамблеясы» кафедрасы, «Шапағат» студенттерге цифрлық қызмет көрсету орталығы, «Ұлағат» баспасы, «Парасат» орталығы, тамақтану орталығы, Денсаулық сақтау пункті жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Абай атындағы ҚазҰПУ-де жүзеге асырылып жатқан басқару тұжырымдамасы, жоғары оқу орнындарын басқарудың жаңа тәсілдерін іске асыру қызметіне негізделеді. Бұл шаралардың қажеттілігі ұлттық және халықаралық деңгейлерде білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін университетті дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және тиімді басқару міндеттерімен айқындалады

2022 жылы университет 205 (98 ББ бакалавриат, 68 ББ магистратура, 39 ББ

докторантура) бойынша үш тілді қызмет атқарады, оның ішінде 11-і дүниежүзілік банк бағдарламалары. Университет бойынша барлығы 378 жұмыс оқу жоспары, оның ішінде 325 – бакалавриат, 43 – магистратура, 10 – PhD докторантура бойынша әзірленіп және бекітілді.

Университет қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Ғылым туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, "мемлекеттік мүлік туралы" Заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Тәуекелдерді басқару саясаты Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді. Университеттің даму стратегиясын іске асыру жоспары негізінде тәуекелдерді тіркеу және талдау бойынша арнайы деректер базасы құрылды. Білім әлеуетін арттыру және топ-менеджмент үшін тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту мақсатында «Университеттегі тәуекелдерді басқару» семинары ұйымдастырылды.

Университет қабылдау, оқыту және ғылыми-зерттеу қызметінің сапасына назар аударып отырып, педагогикалық зерттеу университетінің жаңа моделіне көшуді жүзеге асырады.

2. Abai University университеттер рейтингінде

Ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлерде бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Университет Quacquarelli Symonds (QS) және The Times Higher Education (the) университеттерінің беделді халықаралық рейтингтеріне қатысады, осылайша жоғары білімнің жаһандық кеңістігіне интеграциялануға ұмтылады.

2.1 Университет QS рейтингінде

QS WUR 2023 халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша Abai University өткен жылдың нәтижесімен (551-560) салыстырғанда 40 тармаққа көтеріліп, 511-520 орындарды иеленді, бұл қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 6-шы орын орынға сәйкес келеді.

Биыл алғаш рет барлық Азия елдері бір үлкен мега аймаққа – Азияға біріктірілді. QS World University Rankings: Asia-2023 аймақтық рейтингінде Абай университеті 147-ші орынға ие болды, қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында 4-ші орынды иеленді.

QS World University Rankings by Subject 2022 қорытындысы бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ (Abai University) «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» санатында «Білім беру және оқыту» (Education and Training) мамандығы бойынша 62-ші орынға ие болып, пәндік рейтинг бойынша әлемнің бірінші жүз университетіне алғаш рет кірді. Бұл көрсеткіш қазақстандық және Орталық Азия университеттері арасында ең жақсы көрсеткіш болып табылады.

Сонымен қатар, Abai University «Білім беру және оқыту» мамандығы бойынша бұрын-соңды болмаған ілгерілеуді көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар алғаш рет «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» салалық рейтингінде 297 орынға ие болды. «Лингвистика» мамандығы бойынша 201-250 позиция, бұл республиканың жоғары оқу орындары арасында 3 орынға сәйкес келеді. Осылайша университет пәндік рейтингте тағы бір рекорд орнатып, өткен жылғы екі пәндік пұлды биыл үшке дейін ұлғайтты.

Өткен жылы Abai University QS Stars Rating System рейтингіне алғаш рет қатысты және ықтимал бес жұлдыздың ішінен «4 жұлдыз» жоғары бағасына ие болды.

2.2 Университет THE рейтингінде

The Times Higher Education World University Rankings-2022 рейтингінде Абай университеті «Репортер» мәртебесіне ие болды.

THE Impact Rankings-2022 рейтингінде университет өткен жылғы нәтижесін 200 тармаққа жақсартып, 601-800 позициясын иеленді, бұл Қазақстан университеттері арасында бірінші орынға сәйкес келеді.

2.3 Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу және ұлттық рейтингтер

Жоғары оқу орны ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын бағалаудың ең тиімді әдістерінің бірі институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу болып табылады. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті Қазақстандық IAAR, IQAA, KAZSEE Аккредиттеу агенттіктерімен бірлесіп жұмыс жасайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-і:

– Қазақстанның үздік педагогикалық университеттері санатында «Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі-2022» (IQAA) – 1 орын.

- Білім саласын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің (IQAA) қорытындысы бойынша «Қазақстанның жетекші педагогикалық ЖОО ұлттық рейтингі – 2022» – 1 орын;

- Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (IAAR) қорытындысына сәйкес «Қазақстан Республикасының ЖОО сұраныстың тәуелсіз рейтингі – 2022» рейтингінде Абай атындағы ҚазҰПУ (65 392 ұпаймен) 5-ші орында, ҚР педагогикалық жоғары оқу орындарының арасында – 1-ші орында.

- Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (IAAR) қорытындысы бойынша «Бакалавриат білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО-ның институционалды рейтингісі – 2022» – 1 орын.

- Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (IAAR) қорытындысы бойынша «Магистратура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша

ЖОО-ның институтционалды рейтингісі – 2022» – 2 орын.

- Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (IAAR) қорытындысы бойынша «Докторантура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО-ның институтционалды рейтингісі – 2022» – 1 орын.

2022 жылы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының рейтинг нәтижесі жарияланды. «Атамекен» ҰКП рейтингісі 17 критерий бойынша жүргізілді, олар: жұмысқа орналыстырылған түлектердің пайызы және олардың орташа жалақысы, бітіргеннен кейін жұмыс іздеу ұзақтығы, сондай-ақ бағдарламалардың өзектігін бағалау, білім алушылардың мансаптық перспективалары мен жетістіктері.

Рейтингке Абай атындағы ҚазҰПУ бакалавриатының 37 білім беру бағдарламасы бойынша қатысты. Үздік 10-қа 16 білім беру бағдарламасы кірді. Үздік 20-ға 9 білім беру бағдарламасы кірді.

3. Abai University-дегі интернационалдандыру

3.1 Халықаралық ынтымақтастық сандық көрсеткіште

Университеттің халықаралық қызметі халықаралық байланыстарды кеңейтуге, халықаралық орталықтар құруға, бірлескен жобалар мен зерттеулер жүргізуге, Орталық Азиядағы педагогикалық білім берудің көшбасшысы ретінде Абай 49 атындағы ҚазҰПУ имиджін арттыруға ықпал ететін шетелдік студенттер мен оқытушыларды тартуға бағытталған.

Халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты дамыту мақсатында 17 қос дипломдық бағдарлама жүзеге асырылуда, «500 ғалым» желісі бойынша 14 адам «Болашақ» стипендиясының иегері атанды, 32 шетелдік ғалым тартылды, ТМД елдерінен 40 адам тағылымдамадан өтті. ҚазҰПУ негізінде 43 жаңа шетелдік серіктестермен, соның ішінде TOP 500 QS WUR қатарынан 15 университетпен келісімдер жасалды. Сонымен қатар, 104 магистрант пен 623 докторант шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті, сондай-ақ 191 адам шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламасын аяқтады. Бүгінде университетте 349 шетелдік студент білім алуда.

3.2 Халықаралық ғылыми-білім беру жобалары

Бірлескен халықаралық жобаларда білім беруді интернационалдандыру белсенді дамып келеді.

1. Erasmus+ CBHE KAZDUAL;
2. UNESCO ғылыми жобасы;
3. DAAD жобасы;
4. «Eurasia Foundation (from Asia)» «Азиялық байланыс. Еуразия Азиядан»;
5. EU/UNESCO бірлескен жобасы;
6. 6. АҚШ елшілері қорымен бірлескен зерттеу жобасы;

7. Erasmus+. Higher Education International Credit Mobility E+KA107;

8. «Әлеуетті арттыру педагогикалық білім» дүниежүзілік банктің халықаралық жобасы;

9. Future English by British Council;

10. «500 ғалым» жобасы.

Интернационалдандыру бойынша негізгі индикаторлардың өсуі байқалады. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шетелдік ғылыми-білім беру мекемелерімен, бірлестіктерімен және ұйымдарымен жасасқан халықаралық келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын халықаралық ынтымақтастық географиясы айтарлықтай кеңейді. Сыртқы академиялық ұтқырлық 191 адамға дейін өсті. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру министрлік арқылы да, университет есебінен де сәйкесінше 37 231 360 теңгеге (ҚР ҒЖБМ), 81 000 000 теңгеге (Абай атындағы ҚазҰПУ) дейін ұлғайғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, университет әлемнің 24 елінің университеттерімен, соның ішінде QS бойынша ТОП-500 университеттерімен 148 халықаралық шарттар/келісімдер жасады.

- Калифорния университеті, Лос-Анджелес (АҚШ) – 40;
- Цукуба университеті (Жапония) - 285;
- ЕЖМ ұлттық зерттеу университеті (РФ) - 305;
- Милан университеті (Италия) - 316;
- Нанкай университеті (ҚХР) - 378;
- Беларусь мемлекеттік университеті (Беларусь Республикасы) – 288;
- Қазан Федералды университеті (РФ) - 347;
- Ресей Федерациясының тұңғыш президенті Б. Н. Ельцин атындағы Орал федералды университеті (РФ) - 351;
- Вильнюс университеті (Литва) - 400;
- Прагадағы Чехия техникалық университеті (Чехия) - 403;
- Фридрих-Александр Эрланген-Нюрнберг университеті (Германия) – 340;
- Гранада университеті (Испания) – 492;
- Экс-Марсель университеті (Франция) – 490;
- Ханкук шетел тілдері университеті (Оңтүстік Корея) – 410.

4. Білім алушылар контингенті

Университеттің жалпы контингенті 2022 жылы: барлығы 16 670 білім алушыны құрады, оның ішінде:

– **бакалавриат** – **14 513** адам немесе жалпы контингенттің **89,9%**, оның ішінде: күндізгі оқу нысаны бойынша – **13 672** адам, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – **8 211**, ақылы негізде – **6 302** адам.

– **магистратура** – **1 380** адам, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – **1181**, ақылы негізде – **199**;

– **докторантура** – **251** адам, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – **242**, ақылы негізде – 9 адам.

2022 жылы қабылдау – 3477 адамды құрады, 2023 жылға қабылдау жоспары – 3613 адам.

ҚР ҒЖБМ жоспарының негізгі көрсеткіштерін орындау шеңберінде 2023 жылы контингенттің сапасын арттыру мақсатында «Алтын белгі» түлектерін, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарын қабылдаудың жалпы санынан 18,5% қабылдау жоспарлануда.

Абай атындағы ҚазҰПУ – педагогикалық білім беру, бизнес, басқару және құқық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, өнер, гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың көпсалалы орталығы. Есепті кезеңде университеттің білім беру қызметі жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру мемлекеттік міндетті білім беру стандарттары сәйкес жүзеге асырылады. Оқу процесін ұйымдастыру бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес жұмыс оқу жоспары мен білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Академиялық адалдық Кодексінің жаңа редакциясы әзірленді және бекітілді (университет сайтында орналыстырылған). Әр оқу тобында эдвайзерлер академиялық адалдықтың негізгі принциптерімен танысу және түсіндіру бойынша жиналыстар өткізілді.).

Есепті кезеңде әдістемелік ұсынымдар, қашықтықтан оқыту ережелері әзірленді.

Білім алушылар өндірістік және педагогикалық практика базаларымен толық қамтамасыз етілген, олардан өту үшін университет білім беру мекемелерімен (балабақшалар, жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, мамандандырылған мектептер, түзету мектеп-интернаттары, колледждер), қаржы мекемелерімен, құқық қорғау құрылымдарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасайды.

Педагогикалық бейіндегі студенттердің практика базалары педагогикалық қызметкерлердің біліктілігі мен педагогикалық кәсібилігінің жоғары деңгейімен, мамандандырылған пәндерді тереңдетіп оқумен, заманауи материалдық-техникалық және ақпараттық-коммуникациялық жабдықтармен және т.б. ерекшеленеді. Практикадан өту кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, түлектердің, болашақ мұғалімдердің шығармашылық бастамасы мен шеберлігін дамытуға ықпал етеді. Студенттер практикадан өту барысында ПОҚ, университет басшылығы, Алматы қаласының аудандық білім бөлімдерінің қатысуымен ашық сабақ өткізуі тиіс.

4. Abai University – академиялық шеберлік орталығы

Университеттің кадрлық әлеуеті 947 штаттық ПОҚ құрайды, оның ішінде ғылым докторлары -127, ғылым кандидаттары–298, PhD докторлары – 81.

Білім беру бағдарламалары ұлттық біліктілік шеңберіне, 19 кәсіптік стандарттарға, атап айтқанда, барлық педагогикалық ББ – «Педагог» кәсіби

стандарты және білім беру саласының салалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленуде. Барлық білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары білім басқармасы біріңғай жүйесі ақпараттық жүйелердің тізіліміне енгізілді.

2022/2023 кезеңінде Abai University келесі білім беру бағдарламалары бойынша қызметін жүзеге асырады:

- Бакалавриат – 98/66
- Магистратура – 68/50
- Докторантура – 39/26

Университетте 17 қос дипломды білім беру бағдарламалары, негізгі Major – 97, Double Major -14, Major-Minor – 57, Major ағылшын тілінде – 9, инновациялық бағдарламалар -17, сондай-ақ Дүниежүзілік банктің жобасы бойынша 11 ББ бойынша дайындық жүргізілуде.

Қосымша оқыту үш бағыт бойынша жүргізіледі: академиялық кеңес беру, оқытуды қолдау және тәлімгерлік. Инклюзивті білім берудің оқу-зерттеу зертханасыны STEAM-парк ашылды.

Университетте NGS-мен дуальды оқыту әзірленді және енгізілуде, сонымен қатар 2-3 курс студенттері үшін цифрлық волонтерлік «WEB Tutor» енгізілуде, «Honors College» жобасында 102 студент білім алуда, 2,3,4 курс студенттері үшін үздіксіз педагогикалық практика, сондай-ақ қаланың 4 мектебінде педагогикалық сыныптар ұйымдастырылды.

Университет студенттерді академиялық қызметті басқаруға тартуды тәжірибеленуде, бұл процеске 71 студент қатысады.

5. Ғылыми зерттеу қызметі

Университетте ғылыми-зерттеу жұмысы «Abai University 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асырылады.

Орындау үшін 4.2-тармаққа сәйкес Abai University КЕАҚ-ның 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы Abai University КЕАҚ-ның 2022-2025 жылдарға арналған Даму Стратегиясының міндеттерін орындау мақсатында «Abai University-педагогикалық зерттеу университеті» ғылыми-консультативтік кеңес құрылды, оның мақсаты гранттық өтінімдердің сапасын және ғылым мәселелеріндегі ашықтықты ішкі бақылау жүйесін енгізу болып табылады. Төрт комитеттен (ақпараттық, ғылыми-әдістемелік, Этика, ынтымақтастық) тұратын жас зерттеушілер кеңесі құрылды.

Республикалық бюджеттен ҚР ҒЖБМ гранттары бойынша жалпы сомасы 435,9 млн теңгеге 42 жоба қаржыландырылуда, университет қаражатынан 60 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар, 17 халықаралық жоба іске асырылуда, оның 2-ін «Ашық Азия» қорлары және Erasmus+ Еуропалық желісі қаржыландырады. Жобаларды іске асыруға университеттің ПОҚ-ның 40% - ы қатысады.

Университеттің ғылыми әлеуеті жоғары білікті ПОҚ тұрады: ҚР ҰҒА – 5 академигі, ҚР ҰҒА – 6 корреспондент-мүшесі, ҚР ЖОО ПОҚ бас рейтингінің

Топ-50-де – 4 профессор, 8 профессор-зерттеуші, 21 постдокторант. ПОҚ арасында сыйлық иегерлері бар: Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық – 1 адам, мемлекеттік ғылыми стипендияның – 3, дарынды жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендияның иегерлері – 4, Қазақстан Республикасының «ЖОО үздік оқытушысы» атағының – 3 және «Үздік зерттеуші» атағы 2022 – адам.

Ғылыми басылымдардың өсімі байқалады: Scopus деректер базасында 47%-ға, WoS 36%-ға, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК 15%-ға. 2022 жылы Scopus деректер базасында индекстелген рейтингтік жарияланымдарда 576 мақала жарияланды. 2023 жылы басылымдар деңгейін 630 мақалаға дейін көтеру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының 23 ғылыми-зерттеу ұйымдарымен келісім-шарттар жасалды (ҰЗИ).

2022 жылы университеттің 15 профессоры Scopus және WOS базаларында индекстелген шетелдік журналдардағы басылымдарға шолу жасау бойынша халықаралық сарапшылар пулына кірді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да 14 ғылыми журнал шығарылады. Оның ішінде 5 журнал ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енгізілді.

2022 жылдың қаңтарынан бастап университетте профиль бойынша PhD докторлық диссертациясын қорғауға арналған 14 Диссертациялық кеңес жұмыс істейді, олардың құрамына 36 университет профессоры (ДК тұрақты мүшелері) кіреді.

«Ғылым апталығы» және басқа да шаралар жыл сайын өткізіледі, барлығы 186 іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

6. Шығармашылық, зияткерлік, спорттық байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегерлері

Студенттік центризм тек академиялық ортада ғана емес, сонымен қатар спорттық және шығармашылық салаларда да көрінеді. 2022 жылы барлығы 250 қатысушы болды, оның 240-ы республикалық деңгейде және 10-ы халықаралық деңгейде. 2023 жылы сәйкесінше жеңімпаздардың жалпы саны 350, оның 330-ы республикалық және 20-сы халықаралық деңгейде.

Есепті кезеңде 55 спорттық іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: футболдан М.Әуезов атындағы халықаралық турнир, футболдан Т.Садықов атындағы республикалық турнир, оқушылар арасында футболдан турнир, оқушылар арасында волейболдан турнир, шахматтан онлайн турнир, «Денсаулық күні» спартакиадасы.

Университет студенттері түрлі іс-шараларда жеңіп алған спорттық жетістіктері 30 алтын, 68 күміс, 18 қола медалы.

Спорттың дамуына жеке үлес қосқан төмендегі студенттерді атап өткен жөн. Еркін күрестен әйелдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті - Бақбергенова Жамиля.

Дзюдодан Еуропа кубогының қола, күміс жүлдегері және 2022 жылғы Қазақстан Республикасының чемпионы Өнер, мәдениет және спорт институтының 1 курс студенті - Шүкірбеков Жұрқамырза.

7. 2022 жылы әлеуметтік даму бағыты бойынша жұмыс

Abai University жастарды тәрбиелеу әлеуметтік-тәрбиелік идеяларға, базалық ұлттық құндылықтар жүйесіне, сондай-ақ этноформациялаушы, азаматтық және жалпыадамзаттық үш негізгі аспект контекстінде болашақ мамандардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен ұлттық санасының жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған.

Әлеуметтік жұмыс шеңберіндегі негізгі жобалар мыналар болып табылады:

- Ұлттық тәрбие орталығы;
- Honors College қосымша білім беру бағдарламасы;
- Студенттік хаб;
- Цифрлық еріктілік жобасы;
- Abai Student орталығы;
- Speaking Club жобасы;
- Workout алаңы.

2022 жылдың қаңтарында «Ұлттық тәрбие» орталығының ашылуы болды. Орталық Қазақстандағы балалар мен жастарды ұлттық-патриоттық тәрбиелеу жүйесін нығайту және дамыту мақсатында құрылған консультативтік-әдістемелік орган болып табылады. Орталықтың құрылымына «Ұлы дала тұлғалары» секторы, Оразалы Досбосынов атындағы жас импровизаторлар мектебі, сондай-ақ психологиялық қызмет секторы кіреді. Орталық қызметі аясында студенттердің ұлттық құндылықтарын нығайтуға бағытталған көптеген іс-шаралар өткізіледі.

Abai University жұмылдырылуы келесі принциптерге негізделген: ашықтық, жариялылық, сенімділік, диалог, білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен ауқымдылығы, тиімділігі мен әлеуметтік белсенділігі.

Университетте 2022 жылдан бастап Honors College жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобаның мақсаты – студенттердің білімін жан-жақты жетілдіру, академиялық білімнің жаңа аспектілерімен танысу, студенттердің көшбасшылық қасиеттері мен жаңашылдық дағдыларын қалыптастыру. Сондай-ақ, жоба дарынды студенттерге өз мамандығын неғұрлым шебер меңгеру үшін кең ауқымда қосымша білім береді.

«Қолдау» кәсіпкерлік орталығында 150 студент білім алып, сертификаттармен марапатталды. Жобаның үздік авторлары бизнес-жоспарларын жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқарудан гранттар алу үшін қалалық байқауға жолдама алды. Бұл жоба жыл сайын, жылына бір рет жүзеге асырылатын болады.

2022 жылғы 26 қазанда Абай атындағы ҚазҰПУ-да Abai University Speaking Club ресми ашылуы өтті. Ашылу салтанатының қонақтары Алматыдағы АҚШ Бас консулдығының өкілдері Чэд Кинер, ағылшын тілі бағдарламаларының үйлестірушісі Айгүл Тайтелиева және американдық кеңестің өкілі, бағдарлама үйлестірушісі мақсат Қошқарбаев болды. Жоба аясында 40 студент ағылшын, 35

студент қазақ және орыс тілдерінде оқиды.

2022 жылдың 15 қарашасында Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің қатысуымен Абай атындағы студенттер орталығының ашылу салтанаты өтті. Студенттік орталық заманауи құрал-жабдықтармен және түрлі жобалар мен стартаптарды әзірлеуге қажетті материалдармен жабдықталған.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға оқу ақысына жеңілдіктер берілді. 2022/2023 оқу жылында 22 жетім бала тегін біліммен қамтылды, ерекше білім беруді қажет ететін 12 студентке және халықтың әлеуметтік осал санатындағы 818 студентке оқу ақысына 10 пайыздан 50 пайызға дейін жеңілдіктер жасалды. Алғаш рет жатақханадағы орындарды бөлудің ашықтығын қамтамасыз ететін автоматтандырылған механизм енгізілді.

2022 жылдың қыркүйегінде 3060 білім алушы жатақханамен қамтамасыз етілді, университеттің 5 жатақханасында ҚР ҒЖБМ рұқсатымен жалпы саны 2060 бірлікке нығыздау жүргізілді, сондай-ақ 1000 орындық 4 жатақхана мен 3 жатақхана жалға алынды.

2022 жылы "Жасыл ел" университеттік еңбек жасағының қызметі еңбекті ұйымдастыруды ашуға бағытталды және қазіргі заманғы еңбекші жастар үшін маңызды ынталандыру болды, университеттің 333-тен астам студенті өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысты. Студенттік құрылыс отрядтарына 50 оқушы тартылып, сайлау алдындағы үгіт-насихатқа 1000 ерікті тартылды.

8. Қаржы-шаруашылық қызметі

Қаржы-шаруашылық қызметінің негізі кірістер мен шығыстарды нақты жоспарлау, бес жылдық кезеңге Даму жоспарын жасау, бекіту және университеттің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оны жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорынның бекітілген Жарғысы шеңберінде университет өзінің негізгі қызметінен, яғни білім беру қызметтерін көрсетуден және негізгі емес қызметтен кіріс алады.

Негізгі қызметтен түсетін кірістерге мыналар кіреді: ҚР ҒЖБМ мемлекеттік білім беру гранттары; мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми - зерттеу жұмыстарын орындау; кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаты есебінен мамандар даярлау бойынша білім беру қызметтерін көрсету. Негізгі емес қызметтен түскен табысқа мыналар жатады: біліктілікті арттыру курстарынан алынатын төлемдер, операциялық жалға беруден, сыйақыдан түсетін кіріс (овернайтты орналастыру-бір түнге арналған қысқа мерзімді депозит, сондай-ақ 300 000 мың теңге Екінші деңгейдегі банктердің депозиттік шоттарына орналастырылды), демеушілік көмек; жатақхана ақысы; бланкілер үшін төлемдер, өзге де кірістер.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2022 жыл		
		Жоспар	Факт	Ауытқу, %
Кірістер	мың теңге	11 450 912	13 096 422	114 %
Шығындар	мың теңге	11 296 836	11 665 966	103 %
Таза кіріс /Залал	мың теңге	154 076	1 430 456	928 %
Жұмысшылар саны	бірлік	2 192	1 898	87 %
Жалақы қоры	мың теңге	7 508 541	7 442 895	99 %
Жұмысшылардың орташа айлық жалақысы	теңге	285 452	326 787	114 %
Күрделі салымдар	мың теңге	892 452	838 234	94 %

2022 жылы университеттің кірісі 11 млрд 450 млн теңге көлемінде жоспарланса, кірістің орындалуы 13 млрд 096 млн теңгені құрайды. Ауытқу 114%.

2022 жылы университеттің шығыстары 11 млрд 296 млн теңгеге жоспарланған болса, шығыстардың орындалуы 11 млрд 666 млн теңгені құрады. 103% ауытқу.

Бюджеттің шығыс бөлігі университеттің кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің ұсынылған өтінімдері негізінде бекітілген нормативтерге сәйкес қалыптастырылады.

Еңбекақыны есептеу ағымдағы жылға бекітілген штаттық кестеге және тарифтік кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Жыл ішінде қызметкерлерге материалдық көмек көрсетіліп, сыйлықақы төленді. Жалпы табыстан еңбекақы төлеу бойынша шығыстар 57% құрайды.

9. Өндірістік көрсеткіштер

Оқу процесін сапалы жүргізу үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етуді арттыру мақсатында 3 негізгі бағытқа қаражат бөлінді: ақпараттық-техникалық жарақтандыру, аудиторияларды жарақтандыру және оқу әдебиеттерін сатып алу. Бірінші көрсеткіш бойынша өсім 53%, екінші көрсеткіш бойынша – 315% және үшінші көрсеткіш бойынша – 48% құрады.

Ақпараттық жүйені енгізу үшін келесі бағдарламалық өнімдер сатып алынды:

- 1С-рейтинг: Қазақстан бойынша оқу орнының есеп бөлімі, 3.0 басылым;
- 1С: Кәсіпорын 8 «Қазақстанның мемлекеттік ұйымдарының еңбекақысы және персоналы», 2.0 басылым.

1000 пайдаланушыға арналған «Salem Office» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен таңбалау, есепке алу процесін автоматтандыру жұмыстары жүргізілді.

Анықтама үшін: 2021 жылдың қыркүйегінде Documentolog электрондық құжат айналымы жүйесі 180 пайдаланушы үшін жұмыс істесе, бүгінде 1000-ға жуық пайдаланушы қағазсыз құжат айналымымен қамтылған.

10. Кадрлардың сандық және сапалық көрсеткіштері

Аты	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Кадрлар саны, оның ішінде:		2 092	1 980	1 898
Әкімшілік-басқару персоналы	адам	179	154	165
Профессор-оқытушылар құрамы	адам	1 032	1 174	1 089
Оқу-көмекші персоналы	адам	199	226	225
Қызмет көрсету персоналы	адам	682	426	419

Төмендегі кестеде университет бойынша орташа жалақы, мәліметтер теңгемен ұсынылған.

Аты	2020 жыл	2021 жыл	2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылғы өсім	2022 жыл	2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы өсім
Университет бойынша орташа жалақы	174,82	245,42	40%		%
ӘБП	253,07	326,91	29%	401,54	23%
ПОҚ	209,33	269,03	29%	332,52	24%
ОКП	94,80	146,94	55%	211,13	44%
ҚКП	142,20	220,40	55%	269,51	22%

Дәрежелі, орта жастағы, шетелдік шақырылған ПОҚ саны бойынша ПОҚ бойынша мәліметтер.

Аты	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
ПОҚ дәрежелілігі	жас	60	56	56
Орташа жасы	жас	54	49	50
Шақырылған шетелдік ПОҚ саны	жас	24	26	32

Университет қабырғасында қызмет өнімділігін, кәсіпқойлық мәдениетін арттыру, нәтижеге бағдарлану және жұмыстан қанағаттану, сонымен қатар университет қабырғасында көшбасшылық қасиеттері бар жоғары білікті менеджерлерді дайындау (университет оқытушылары арқылы), сонымен қатар оның сыртында университеттің барлық қызметкерлері мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін бюджеттеу, қаржы, бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алулар, еңбек құқығы, көшбасшылық, КРІ және басқа да бағыттар бойынша мамандандырылған қосымша семинарлар өткізілді.

Соңғы 3 жылда біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер санының 2020 жылғы 910 адамнан 2022 жылы 970-ке дейін тұрақты өсуі байқалады.

11. Кадрлық жұмыс

Университеттің басым міндеттерінің бірі кадрлық стратегияны жетілдіру болып табылады. Кадрлық менеджменттің ажырамас элементі стратегиялық даму ресурсы ретінде ПОҚ кадрлық әлеуетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыс.

Лауазымдарға ішкі және сыртқы үміткерлерден кадр резерві базасы қалыптастырылды (бұл ретте ішкі резервке үміткерлер жыл бойы оқудан өтеді). Ішкі резервтегі кандидаттардың бос лауазымға тағайындалуына құқығы бар.

ПОҚ мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша ашық конкурстар өткізілді.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметтік пайдалануы үшін әзірленген ішкі нормативтік құжаттарды орналастырған электрондық анықтама жасалды.

Қызметкерлердің ұйымшылдығын нығайту және корпоративтік рухты қалыптастыру мақсатында қызметкерлерге тимбилдинг, шеберлік сабақтары және басқа да мәдени іс-шаралар өткізілді.

12. Инфрақұрылымды дамыту

Абай атындағы ҚазҰПУ білім беру қызметтерін ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ететін жеткілікті материалдық-қаржылық активтерге ие. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Оқу процесі үшін тиісті оқу және көмекші алаңдарды, қажетті инфрақұрылымды, оқу процесін есептеу және ұйымдастыру техникасымен, жеткілікті оқу материалдарымен қамтамасыз етуді қамтиды.

Университет өз балансында жалпы ауданы 87 129,6 ш.м. әртүрлі мақсаттағы меншік құқығына жататын ғимараттар мен құрылыстарға ие.

Білім беру процесі 9 оқу корпусында (374 Оқу аудиториясы, 65 оқуғылыми зертханалар мен шеберханалар, 52 мамандандырылған кабинет, 37 компьютерлік сынып, 9 лингафондық кабинет) жүзеге асырылады. Аудиторлық Қордың жалпы көлемі 54 315,5 ш.м. құрайды. Оқу кабинеттері жаңартылып, жаңа жиһаздармен жабдықталған.

Оқу ғимараттарында студенттер мен оқытушылар құрамының бейресми қарым-қатынасы мен демалысы үшін Open-spaces, coworking, art zone және т.б. сияқты «жасыл» кеңістіктер жасалған.

Студенттер мен қызметкерлерге қосымша тамақтандыру және студенттерді әлеуметтендіру аймақтарын қамтамасыз ету үшін заманауи кофеханалар ашылды. Сонымен қатар, ғимараттарда төлем терминалдары, заманауи кофе автоматтары мен су, сусындар, азық-түлік сататын автоматтар орнатылған. Университет аумағында көшіру қызметтерін көрсету және кеңсе тауарларын сату орталығы жұмыс істейді.

155 млн теңге сомасында демеушілік қолдау есебінен заманауи оқу және кеңсе жиһаздарымен жабдықталған "Abai Student Center" ашылды.

Асханалар (қоғамдық тамақтандыру орталықтары) күтіп ұстау шығындарын азайту мақсатында аутсорсингке берілді (штат бірліктерінің қысқаруымен және шығыстардың жылына 80 млн. дейін төмендеуімен).

Дене шынықтыру, ашық ауада спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жалпы ауданы 17 000 шаршы метрді (спорт залдары, футбол алаңы, жүгіру жолдары, әскери дайындыққа арналған шеру алаңы) құрайтын М.Әуезов атындағы оқу-спорт кешені қарастырылған.

ҚР ҒЖБМ Даму жоспарының "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар Студенттер үшін жағдайдың қамтамасыз етілу деңгейі" негізгі көрсеткішін орындау үшін университет инклюзивті білім беру саясатын ұстана отырып, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін пандустар, биік ғимараттардағы лифттер, шынжыр табанды жүрістегі көтергіштер, тактильді жолдар, шақыру қоңыраулары қарастырған. Кітапханада нашар көретін және зағип жандарға арналған Брайль шрифті бар тифлокешен бұрышы бар. Электронды кітапханада нашар көретіндерге арналған сайт нұсқасы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыларға арналған аудиокітаптар ұсынылған. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау мақсатында консультативтік-тәжірибелік орталық ашылды.

«Дара» қайырымдылық қорымен бірге Абай атындағы ҚазҰПУ университетінің базасында инклюзивті білім берудің оқу-зерттеу зертханасы ашылды, оның мақсаты инклюзивті және арнайы білім беру саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, студенттерді оқытуда және мұғалімдерді дайындауда зертхана ресурстарын пайдалану. Орталық өз алдына мынадай міндеттерді қояды:

- Инклюзивті және арнайы білім беру саласында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру;
- Оқытушыларды, студенттерді, магистранттарды, докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;
- «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша студенттерге дуальды оқытуды ұйымдастыру;
- Жалпы және арнайы білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты дамыту.

Зертхана 5 аймақтан тұрады:

- Педагогика;
- Тифлопедагогика;
- Олигофренопедагогика;
- Логопедия;
- Диагностикалық және коррекциялық-дамыту жұмыстары.

Профилактикалық және шұғыл медициналық көмек көрсету үшін денсаулық сақтау пункті, М.Әуезов атындағы оқу-спорт кешенінде, №5 оқу ғимараттарында, №10, № 1 алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша медициналық пункттер жұмыс істейді. Студенттік тамақтануды ұйымдастыру мақсатында оқу ғимараттарында жалпы ауданы 986,62 ш. м. асханалар мен буфеттер жұмыс істейді.

СКУД бақылау жүйесі енгізілді (университет ғимараттары мен объектілерінің кіру топтарындағы турниктер, олар білім алушылар мен қызметкерлердің биометрия технологиясы арқылы қолжетімділікті бақылау және басқарудың өткізу жүйесі).

Университеттің материалдық базасын одан әрі нығайту және дамыту университеттің «жасыл» университет тұжырымдамасының қағидаттарына сәйкес неғұрлым қолайлы оқу жағдайларын жасау үшін білім беру қызметтерін көрсетудің және сервисті дамытудың халықаралық стандарттарына көшу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Жалға берілген жер телімдері, жалпы ауданы 102,083га

№	Аты	Мекен-жай	Көлемі, га	Жалдау мерзімі	2022 жылғы төлем ақысы
1	Жер телімі	Жамбыл көшесі, 25, оқу ғимараты (Медеу ауданы)	3,886	10 лет	197 595,84
2	Жер телімі	Горький көшесі, 10 стадион және оқу ғимараттары (Медеу ауданы)	42,556	10 лет	2 163 893,10
3	Жер телімі	Қазыбек би көшесі, 34, оқу ғимараты мен жатақханаға	11,925	10 лет	606 363,97
4	Жер телімі	Достық даңғылы, 13 оқу ғимараты	29,886	10 лет	1 519 647,27
5	Жер телімі	Шухов көшесі, жатақхана құрылысы	2,082	10 лет	105 865,81
6	Жер телімі	Абай даңғылы 56б, 56в оқу ғимараттары мен жатақхана (Бостандық ауданы)	4,022	10 лет	209 613,00
7	Жер телімі	Төле би көшесі, 86, оқу ғимараты (Алмалы ауданы)	7,726	10 лет	402 648,00
		барлығы	102,083		5 205 627,00

Меншіктегі жер телімдері 41,67 га

№	Телімнің атауы	Мекен-жай	Көлемі, га	Бағасы
1	Агробиостанцияға арналған жер телімдері 40,6 га, 12г	Зерттеу, эксперименттік және білім беру мақсатында Алматы облысы, Жаңашар ауданы	40,6	28 800 000,00
2	Жер телімі 10716,0 ш.м (Қапшағай қ.), 11 г	Объектіге қызмет көрсету үшін Қапшағай қаласы	1,0716	148 336 265,00
		барлығы	41,6716	1776 265,00

13. Стратегиялық индикаторлар

Стратегиялық индикаторлар – 2023:

Көрсеткіштер, өлшем бірлігі	Жоспар
Ғылыми зерттеулерге қатысатын ПОҚ штаттық үлесі, %	30
Рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар штаттық ПОҚ үлесі индекстелетін халықаралық журналдарда Web of Science және Scopus базаларында, %	21
Магистратурада және докторантурада білім алушылардың үлесі, %	13
Бірлескен халықаралық зерттеулердің саны, дана	5
Шетелдік студенттердің үлесі, %	3,8
Шетелден тартылған ПОҚ үлесі, %	1,8